

3. Ортега-и-Гассет Х. Восстание масс // Вопросы философии. – 1989. – № 3.
4. Пузанов В.Д. Военно-административная система России в Южном Зауралье (конец XVI–начало XIX вв.): дис. ... канд. ист. наук. – Курган, 1999.
5. Русские летописи и официальные материалы XVI–первой трети XVIII вв. о народах Казахстана. – Алматы, 2005. – Т. 2.
6. Репина Л.П. Историческая память и современная историография // Новая и новейшая история. – 2004.
7. Тураев В.Т. О характере купюр в публикациях русских землепроходцев XVII в. [Электронный ресурс] // Города и остроги земли Русской. – Режим доступа: <http://ostrog.ucoz.ru/publ/21>.

ОСНОВАТЕЛИ КАЗАХСКОЙ НАУКИ И ПРОСВЕЩЕНИЯ

ҚАЗАҚ ҒЫЛЫМ – БІЛІМІНІҢ БӘЙТЕРЕГІ

TOP OF THE KAZAKH ENLIGHTENMENT

Ахметов Т.Ә.

*Костанайский государственный педагогический институт,
Костанай, Казахстан*

Аннотация

В данной статье раскрываются новые грани педагогической деятельности Ибрая Алтынсарина. Показана роль Шокана Уалиханова, Абая Кунанбаева, Ибрая Алтынсарина в развитии духовной культуры казахского народа, а также патриотизм, беззаветное служение родному народу и усердный труд великого педагога И. Алтынсарина в открытии школ на казахской земле.



Ключевые слова: Ибрай Алтынсарин, деятели Алаш-Орды, пассионарность, казахский народ, педагог, школа, просвещение, знание, дети, интернат.

Keywords: Ibray Altynsarin, Alash-Orda figures, passionarity, Kazakh people, teacher, school, enlightenment, knowledge, children, boarding school.

Қазақтың ғылымы мен білімінің даму тарихында үш пассионарлық тұлғаның болғаны

анық. Олар – қазақ ғылымының негізін салған Шоқан Уәлиханов, поэзия пайғамбары Абай Құнанбаев және ұлы ағартушы, қайраткер педагог – Ыбырай Алтынсарин.

Л. Гумилев анықтамасына жүгінсек, пассионарлық – жұлдыздардың әсерімен, табиғат пен тарихаттың қилы дүмпулерімен қайталанып тұратын заңды құбылыс. Пассионарлар бойларында тасыған күш-қуатты, жүректеріндегі жалын жігерді айнала төңірегін, келе-келе күллі қауым-жұртын өзгерту орайындағы мақсатты жұмысқа жұмсайды. Олай болса, пассионарларды қоғамдық қозғалыстың неғұрлым белсенді тегершіктері, жаңашылдар, жасампаздар десек те жарасады.

Ұлы пассионарлар адамзат дамуын алға бастырып, тарихта талай-талай сілкіністер тудырған. Мұндай алапат тұлғалар қалыптасқан өмір қағидаларын бұзып-жарып, қасаң түсініктерді қиратып, құлдық сананы күресінге лақтырып, қоғаммен немесе сол замандағы билеуші топпен қақтығысқа түседі, әрі-беріден соң қан майданға шығады.

Осы тұрғыдан келгенде пассионарлықты өркендеу жолындағы белсенді іс-қимыл әлеуеті деп қарастырған да дұрыс. Пассионар идея үшін өз өмірін құрбан етуге қабілетті. Демек, пассионарлық құбылыс, пассионар тұлғалар адамзат қоғамы үшін, жалпы жарқын болашақ үшін күресте аса қажет [1].

Қазақтың оқу-білімінің тарихи даму жолында Ыбырай секілді ағартушы дүниеге келмесе, 19 ғасырдың аяғы мен 20 ғасырдың басындағы қазақ өркениетінің хал-ахуалын елестету өте қиын. Ыбырай Алтынсарин болмаса, тарих сахнасына Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Елдес Омаров, Халел Досмұхамедов секілді Алаш қайраткерлері көтерілер ме еді, кім білсін?!

Тарих ғылымында белгілі тұлғалардың адами, ғылыми, интеллектуалды қасиеттерін салыстыру, талдау абырой әперетін іс емес. Сонда да болса, қазақтың бертінгі ағартушылық, мәдени, жалпы рухани өміріндегі тұлғалардан ерекше ауызға түсетіндері ұлы оғландарымыз Шоқан Уәлиханов, Абай Құнанбаев және Ыбырай Алтынсарин екендігі айқын.

Шоқан Уәлиханов – ғалым, географ, этнограф, саяхатшы. Шоқан да «Хан баласында қазақтың қақысы бар. Тірі болсам қазаққа қызмет қылмай қоймаймын» деп Шыңғыс хан тұқымы, әрі аталас туысы Әлихан Бөкейханов айтқандай қазаққа қызмет етіп, еңбегі сіңген қайраткер ғалым.

«Ұлтына, жұртына қызмет ету, білімнен емес, мінезден» [2, 119 б.], – деп Әлихан Бөкейханов түйіндегендей, Шоқанда да, Абайда да, Ыбырайда да зор біліммен қатар «елге қызмет етсем, пайдалы адам болсам» деген

патриоттық мінез болған еді. Сол мінездің арқасында олар өз мақсаттарына жете білді.

Ұлы Абай – ойшыл, данагөй ақын, философ, батыс пен шығысты жалғастыратын алтын көпір. Абай оқу-білімнің жанашыры болып, қазақтың болашағы сауатсыздықты жоюда, оқу-білімде екендігін ерте түсініп, балаларын, ағайын-туыстарын мектеп-медреселерде оқытқан. Інісі Шәкәрімді шет елге жіберіп, әлемдік деңгейдегі білімді алуға, ғылыммен айналысуға дайындаған. Бірақ, бүкіл қазақ даласында мектеп ашуға әрекет етпеген, Ыбырай сияқты оқу-ағарту ісінде қайраткерлік қасиет көрсетпеген.

Ал, Ыбырай Алтынсарин болса, ұстаз ретінде қазақ балаларын оқытып қана қоймай, қалалар мен ірі-ірі елді мекендерде жаңа үлгідегі мектеп ашуды қолға алған адам. Осы жолда кездескен талай қиыншылықтарды жеңе отырып, ұлт мүддесін өзінің жеке басының мүддесінен жоғары қоя біліп, бүкіл қазақ халқының жүрегіне жол сала алған адам. Қазақта Патшалық Ресейдің отаршылдық саясатына қарсы тұратын әскери күштің жоқ екендігін түсінген Ыбырай, қазақтың ұлт ретінде жойылып кетпеуінің кепілі ретінде білім мен ғылымды таңдаған. Түбінде отаршылдық күшке, империялық саясатқа қалқан болар қазақтан шыққан оқығандар мен зиялылар боларын ол іштей сезіп, осы бағытта өзінің оқу-ағартушылық қызметін іске асыра білді.

Ыбырай Алтынсариннің педагогикалық еңбегін оның замандастары, орыс достары жоғары бағалаған. Әсіресе, миссионерлік, шовинистік пиғылы болса да, оның жақын әріптесі Н.Ильминский Ыбырай Алтынсариннің қазасына байланысты жазған «Воспоминания об И. Алтынсарине» деген мақаласында ұлы ұстаздың оқу-ағартушылық, азаматтық, патриоттың еңбегіне кеңінен тоқталады. Оның өмір жолынан, өмірбаянынан, ол жазған хаттардан деректер келтіреді. Ыбырайдың адами қасиеттерін, оқу-білімге құштарлығын, оның жан дүниесінің тазалығын имандылық қасиетінің молдығын былайша суреттейді: «И вот собралась у меня масса материалов, как о школах, так и о личности Алтынсарина. Из такого богатого материала художник составил бы прелестную картину, достойную своего предмета; я же, признаюсь, и не пытался сделать что-либо подобное и решил, в вид приложения к моим Воспоминаниям, подлинником напечатать документы и бумаги, как из Полного Собрания законов и всех вышеупомянутых дел, как особенно все до единого, мне и другим адресованным письма покойного Алтынсарина, в которых выразилась его прекрасная, благородная душа» [3, 7 б.],

«Я постоянно имел к нему самое искреннее расположение, особенно ценил я в нем живую любознательность к русскому образованию и постоянную мысль о необходимости этого образования для киргиз» [3, 4 б.].

Қазақ даласында Ыбырай Алтынсарин ашқан мектептерді бүгінгі күнге дейін мыңдаған шәкірттер бітіріп, қазақ халқына қызмет етуде. Ол шәкірттердің ішінде еңбек ерлері, ақын-жазушылар, ғалым-академиктер, профессорлар, ғылым докторлары мен кандидаттары, оқу орны мен мекеме басшылары бар.

Тарихқа көз жүгіртсек, Ыбырай ашқан мектептердің саны 16 екен. Олардың барлығы бүгінгі күні шәкірт тәрбиелеп, абыройлы білім беру ісін жалғастыруда.

Ыбырай Алтынсарин 1841 жылы қазіргі Қостанай облысының Затабол ауданында дүниеге келді. Ыбырай әкесі өлгеннен кейін тәлім тәрбиені атасы Балқожа биден алды (белгілі би, ірі бай болған адам). Орынбордағы 7 жылдық мектепте орыс тілін меңгерді, ой-дүниесі кеңейіп, байқампаздық қасиеттері дамыды. Ыбырай өз бетімен озат ойлы кітаптардан сабақ ала бастады, орыс классикасымен танысты. Мектеп бітіргеннен кейін Ыбырай халық ағарту жұмысын таңдады.

Ол мектеп ашуға кірісіп, Торғай мен Ырғыз қалаларында қазақ балаларына арналған бастауыш мектептер ашуға рұқсат алды. Ыбырай Алтынсарин халық көмегіне сүйене отырып, 1864 жылы Торғайда осы орыс-қазақ бастауыш мектебін ашты, төрт балалық шағын интернаты бар бастауыш мектебі болды. Әуелі өзі мұғалім болып, кейіннен инспектор қызметін атқарды. Ырғыз бен Тройцкіде мектептер ашты. Дидактика және методика мәселелерімен шұғылдана бастайды. Оның педагогикасының негізі – орыс халқының мәдениеті мен тарихи тәжірибесін жоғары бағалап, рухани азбаған және қабілетті қазақ халқының экономикалық және мәдени дамуын орыс халқының прогресшіл қозғалысымен ұштастыру керек деп түсінуінде.

Ыбырай Алтынсариннің бұл мектептерге арнап қазақша оқу құралдарын жазуы, ауыл балаларын білім жолына салуы да педагогика тарихындағы зор табыс еді.

Ыбырай мектептерінде балаларды оқытудың жаңаша әдістері қолданылады. Ол әдістердің негізгі мазмұны: сабақты жақсы үлгеретін жоғары сыныптың оқушылары өзінен төменгі сыныптардағы балаларды оқытады, мұғалімге жәрдемдеседі.

Ыбырай мектебі 1868 жылы бір сыныптық (төрт жыл) орыс-қазақ училищесі болып қайта құрылды. Ырғызда екі сыныптық орыс қазақ

училищесі ашылды. Алтынсарин ауылдардағы орыс-қазақ мектептерінің негізін қалаушы бола тұра, орыс графикасының негізінде қазақ әліппесінің авторы да болды. Осы жаңа әліппе негізінде ол қазақ тіліндегі 1879 жылы басылған алғашқы оқу кітабы – «Қазақ хрестоматиясын» шығарды. Ыбырай Алтынсарин жаңа әліппені орыс-қазақ мектептерінің жұмыс практикасына енгізіп, алғаш рет қазақ балаларын ана тілінде оқытуды жолға қойды.

Алтынсарин балаларды оқыту және тәрбиелеу ісінде мұғалімдердің рөліне баса назар аударды. Ол: «Жақсы оқытушыны дүниедегі заттың бәрінен де қымбат көремін» деп жазды. Сонымен қатар, мұғалімдерге арналған нұсқау хаттар жазды. Ыбырай Алтынсарин елдің жағдайын жақсы білгендіктен, мектеп жұмысын халықтың тұрмыс-тіршілігіменен байланыстыра құрды.

Ыбырайқаламынан «Қазақ хрестоматиясы» 1879 жылы Қазан қаласында шықты. «Қазақтарға орыс тілін үйретудің бастауыш құралы» сияқты оқу құралдарын жазған ағартушы педагог Ыбырай Алтынсариннің қазақ мәдениетінен алар орыны ерекше. Ол көшпенді елдің баласына дүनियाуи ғылым-білім, өнер үйретуді армандады. Қазақ даласында тұңғыш орыс-қазақ мектептерін ашып, оларға оқу құралдарын жазды. Орыс тілін үйретудің әдістемелік, дидактикалық жақтарына баса көңіл аударды. Бұл жолда Ыбырай Алтынсарин орыс педагогы К.Д. Ушинскийдің идеясын үлгі етіп алды. Ыбырай Алтынсарин жастарды белгілі мамандыққа тәрбиелеу мәселесін көтерді, қолөнер училищелерін ашып, оқу бағдарламасы мен оқыту әдістемесін жасауға басшылық етті. Тұңғыш рет қазақ қыздарына арнайы оқу орындарын ашып, білім беруді, өнерге баулуды басты мәселе етіп қойды. Көшпенді елдің өзіндік ерекшелігіне сай имандылық, инабаттылық, ақыл-ой, еңбек, тазалық, сұлулық тәлімдеріне байланысты пікірлер жазды. Ұстаздық, әдеп, ата-ана, ересектердің жас буынға үлгі-өнегесі, адамның өзін-өзі тәрбиелеу мәселелерін қазақтың дәстүрлі өмірімен байланыстыра іс жүзіне асыра білді.

«Өмірдің негізгі мәні – еңбек, ол адамның адамгершілік қасиетін, өмірдің шын қадірін тек еңбек сүйгіш адам ғана түсіне алады. Көшпенді елдің балалары еңбекке ерте араласады: алыстан тұмақтай ғана болып көрінетін 6–7 жасар балаға дейін тайға мініп тепеңдеп, қыстау қораға бұзау қайырып жүргені», – деп жазды ұлы ағартушы [4].

Алтынсарин хрестоматия жазу жұмысын 1876–1888 жылдар аралығында жалғастырды. Ол педагогикалық қызметті бастағаннан кейін

хрестоматия жазуды қолға алған еді. Педагогикалық қызметінің бірінші күнінен-ақ хрестоматия құрастыру да ойы болғаны анық.

Ол тек қана хрестоматияның бірінші бөлімін ғана бастырып үлгерді.

Ал, екінші бөлімі жаратылыстану ғылымына арналған еді.

Хрестоматиялық материалдарындағы ең негізгі арқау – еңбекке тәрбиелеу мәселесі болып табылады. Ол еңбектің психологиялық және тәрбиелік маңызына аса көңіл аударды.

Хрестоматияға енген, балаларға арналған мақалалары мен әңгімелерінде Алтынсарин еңбектің ерекше маңызын атап көрсетеді.

Алтынсарин хрестоматиядан басқа «Орыс тілін қазақтарға үйретудің бастауыш құралы» деген еңбегін жазды.

Өз заманында Коменский «Тілге жол ашық» еңбегін құрастыруда жетекшілік еткен өте дұрыс методикалық идеяларды осы жұмыстың негізі етіп алды.

Бастауыш құралы кітабында 500-ге тарта сөз бен сөз тізбектері келтірілген. Оның барлығы өмірдің әр түрлі саласында, күнделікті тұрмыс-тіршілікте кездесетін сөздер. Сол кезде орыс тілінің осындай шамадағы сөздері мен сөз тізбектері оқушылардың пайдалануы үшін жеткілікті еді.

Ыбырай Алтынсарин 1864 жылдың қаңтарында Торғай облысында алғашқы мектебін ашты. Оған 14 қазақ баласы алынды.

Осыған байланысты ол: «Мектеп – қазақтарға білім берудің негізгі кілті. Бар үміт те қазақ халқының келешегі де осы мектепте», – деп жазды [4].

Ыбырай өзі ашқан мектептің мақсаттары мен міндеттерін былайша анықтады:

1. Мектеп діннің ешқандай ықпалында болмайды, жаңа өмір үшін күресетін жаңа адамдарды тәрбиелейді.
2. Мектеп – қазақ балаларын орыс халқының мәдениетіне, тіліне, ғылымына үйрететін алқашқы басқыш.
3. Мектеп зат және табиғат құбылысы туралы алқашқы түсінік пен ұғымды қалыптастырады.
4. Мектепте тәжірибе алаңы, өсімдік, гүлдер өсіретін жерлер болуы керек.
5. Кітапхана болуы керек.
6. Мектеп оқу жұмысын ұйымдастыруда алдыңғы қатарлы орыс мектептерінің теория мен практикасындағы таңдаулы әдістерін пайдалана білуі керек.
7. Мектеп жұмысының жемісті де нәтижелі болуы мұғалімге, тәрбиешіге байланысты.
8. Мектепті ұйымдастыру – бүкіл халықтық іс.

Алтынсарин қазақ халқы үшін білім берудің жаңа жүйесін жасап, оны жүзеге асырды. Бұнда екі сыныптық орта мектептің негізі қаланды. Олар училищелердің оқу жоспары мен бағдарламасы бойынша жұмыс істеп келді. Оның алты жыл оқитын екі сыныптық училищелерді ұйымдастыру идеясы өте орынды болды. Торғай және Ырғыз облысының 4 уездерінде отыз орындық училищелер ашылды. Кейін олардың саны 7-ге жетті.

Ы. Алтынсарин мектебінің білім беру мақсаты өмірдің талабынан, көпшілік халықтың мұң мұқтажынан туған еді.

Ыбырай Алтынсарин қазақ халқының мақтаныш ететін, қадір тұтатын, үлгі ететін, тамаша тұлғаларының бірі болып саналады. Ол Қазақстандағы халық ағарту ісінің демократиялық идеяларын ту етіп көтеріп, өзінің туған елінде, қазақ даласында, мектеп ұйымдастырудың жаңа жүйесін жасады.

Туған халқына жаны ашыған, оның келешегін ойлаған Ыбырай бұл жағдайға қанағаттанбай, туған елінде мектеп пен білім берудің жан-жақты ойластырылған жаңа жобасын жасап шығарды. Сөйтіп, өзі негізін қалаған мектеп ісін дамыту үшін бүкіл күш-шігерін жұмсады.

Қазақ халқының тарихынан ерекше орын алған орыс халқының прогресшіл, озық мәдениеті мен ағартушылық идеяларын қазақ даласына тарату Ы. Алтынсарин есімімен тығыз байланысты. Бір сөзбен айтқанда, Ы. Алтынсарин қазақ халқын орыс жұртының мәдениетін, өнерін, тілін игеруге шақырды.

Ы. Алтынсарин орыс халқының мәдениеті мен тарихын жоғары бағалап, оқу-білімі онша дамымаған қазақ халқын прогресске үгіттеді.

Ыбырай Алтынсарин орыс досы Н.И. Ильминскийге 1864 жылы жазған хатында ағартушылық жолында не бітіріп жатқаны туралы былай деп жазады: «Кейін парақор болып шықпаулары үшін оларға адамгершілік жағынан әсер етуге де бар күшімді салып отырмын. Күлсеңіз күле беріңіз, – Мен кейбір, оқытудан бос уақыттарымда оларға ресми түрде молда да болып қоям; Сөйтіп, оларға дін тарихынан білгенімді айтып, оған басқа да пайдалы және түсінікті әңгімелерді де қосып айтамын» [5, 198 б.].

Ыбырай Алтынсариннің педагогикалық ойлары кең көлемді, терең мазмұнды. Бірақ ол кездегі жағдайда оны жүзеге асыру мүмкіндігі жоқтың қасы еді. Ыбырай заманында Торғай, Қостанай, Орынбор өңірінде, қазақ даласында қараңғылықтың қаймағы бұзылмай тұрған кез болатын. Оны Ыбырайдың мына сөзінен анық көруге болады: «Торғай өзенінің жағасына

шығып, жан-жағыңа қарасаң, жаппай қара түнекті, тыныштықты, өлі денедей қимылсыз жатқан кең даланы көресіз. Бұл неткен өмір? Неткен көңілсіздік, неткен мешеулік, неткен жан төзгісіз қараңғылық! Бұл жағдай осы күйде кете бермек пе?».

Сондықтан да ол: «Бәрін де тыңнан жасау керек болып отыр, тек бастамасын бастауға тұра келеді», – деп жазды [4].

Ыбырай халық ағарту жұмысына беріліп, жаңа мектеп ашу ісімен қанша шұғылданса да, 1864 жылға дейін толық мәніндегі мектепті ұйымдастыруға қолын жеткізе алмады. 1864 жылдың қаңтар айында алқашқы мектептің ашылып, жұмыс істеуі – Ыбырай өмірінің ең бір бақытты кезеңі еді. Бұл мектеп ашылғанда өз сезімін Н.И.Ильминскийге жазған хатында былайша көрсетеді:

«Осы жылы, 1864 жылдың 8-ші қаңтарында менің көптен күткен арманым іске асып, мектеп ашылды оған 14 қазақ баласы алынды. Бәрі де сымбатты, ойлы балалар. Мен балаларды оқытуға, қойға шапқан аш қасқырдай, өте қызу кірістім», – дейді [5]. Мұғалімдік жұмысқа 20 жасында кіріскен Ыбырай өзінің жастығына қарамастан, Ресейдегі мыңдаған халық мұғалімдері сияқты, таңғажайып көрегендікпен қазақ даласында өзінің болашақ жолын дұрыс таңдай білді.

Ол Торғай сияқты алыс түпкірде жүрсе де, Ушинскийдің «Балалар дүниесі» атты кітабын пайдаланып, қазақ балаларын тәрбиелеуге кірісті. Осы кітапты оқып шыққаннан кейін қайткен күнде де балаларға арнап ана тілінде дәл осындай кітап жазу керек деген шешімге келді.

Алтынсарин өз ісінде орыстың алдыңғы қатарлы методикалық әдістерін, батыстың педагогикалық тәжірибелерін батыл пайдаланып, қазақ балаларын жаңаша оқытуды ұйымдастырды.

Ол 1882 жылы Н.И. Ильминскийге: «...Өйткені, шарифат, мысалы, әртүрлі ғалымдарды, өнерді қай халықтан болса да үйренудің керектігін ешбір жерде теріс демейді; бұған мысалы, ғалым молла (хатип) атағын алғысы келген адам түрлі «фәндерді», басқаша айтқанда, әртүрлі ғылымдарды, есепті, медицинаны және астрономияны (ғылму-хисаб, ғилму-тып, ғилму-хаят, уә афлэх) оқуға тіпті міндетті екені дәлел бола алады» [5, 244 б.], – деп жазып, қазақтың жазба тілінде діни оқу құралын құрастырғандығынан хабар береді.

Ы. Алтынсариннің халық арасында беделі өте зор болды. Өз балаларын орыс-қазақ мектептерінде оқытуға үрке қарайтындар

Ыбырайдың сан соқтырмайтынына сеніп, балаларын мектепке көптеп бере бастады. Ыбырай мектебін бітірген түлектер уақыт өте келе өздері де мұғалім болып, қазақ елінде ағартушылықтың туын көтерді.

Әрине, орыс мектептерін бітірген түлектер де қазақ халқының болашағына риясыз қызмет етті. Олар қазақ балалары білімінің көкжиегін кеңейтті, рухани-адамгершілік деңгейін жоғары деңгейге көтерді. Орыстың тілін, мәдениетін, оқу-білімін меңгермей, олардың оқымыстыларымен терезесі тең тұлға болу мүмкін емес екендігін тарих көрсетті. Сондықтан, орыстың рухани дүниесі қазақ өркениетінің дамуына өз кезегінде айтулы рөл атқарғандығын мойындауымыз керек.

Алаш қайраткері Жүсіпбек Аймауытов: «Орыс тәрбиесін алған бала ұлт қызметкері бола алмайды» [6], – деп тұжырымдаса да, орысша оқыған, орыс тәрбиесін алған қазақ зиялыларының ішінен ұлтқа қызмет еткендері де баршылық.

Ал, бүгінгі тарихи шындық: жастарымыз бірте-бірте құлдық санадан арылып, латын әліпбиіне өтіп, ғылым-білімнің көзі болып отырған ағылшын тілін жаппай үйренуге талпынуы керек.

Қазақ халқы руханиятының алып бәйтеректері Шоқан, Ыбырай, Абай десек, Шоқан мен Ыбырайдың кіндік қаны тамған жері – Қостанай өлкесі. Қостанай қаласының іргесінде, Тобыл өзенінің оң жақ қапталында Ыбырайдың ата-бабасы мекен-еткен, кейінде ұлы ағартушының құрметіне «Инспектор көлі» атанған аймақта бүгінде Балғожа би әулетінің қорымы жатыр. Осы қорымда өткен ғасырдың 80-ші жылдардың аяғында Ыбырай бейітінің басына қызыл кірпіштен кесене салынып, төңірегіне тас жол төселіп, ағаштар егілді. 2017 жылы ұлы педагогтың 165-жылдық мерей тойы өткеннен кейін кесене жаңартылып, мәрмәр тастан аппақ, ақ кесене бой көтерді. Бұл мемориалдық кешен жұрттың тәу етер қасиетті орнына айналып, «Сақралды Қазақстан» жерлерінің тізіміне енді.

Библиографиялық тізімі

1. Аманжол Қорғанбек. Егемен Қазақстан. – № 33. – 16 ақпан. – 2018.
2. Бөкейханов Ә. Шығармалар. – Алматы: Өнер, 1994. – 383 б.
3. Ильминский Н. «Воспоминания об И.А. Алтынсарине». – Казань: ТипоЛитография. В.М. Ключникова, 1891. – 10 с.
4. Алтынсарин Ы. Қазақ хрестоматиясы. (Киргизская хрестоматия). – Алматы: Білім, 2003. – 112 б.
5. Алтынсарин Ы. Таза бұлақ: Өлеңдер, әңгімелер, хаттар, очерктер. – Алматы: Жазушы, 1988. – 320 б.
6. Аймауытов Ж. Ұлтты сүю // Ақиқат. – №6. – 2013. – 4–5 б.